



«ҚазАУ ұлттық аграрлық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ҚазАУ профессор-оқытушылар құрамының,  
кафедраларының, факультеттерінің қызметін  
бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы

# ЕРЕЖЕ

Алматы,  
2020-2021

«Қазак ұлттық аграрлық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы



БЕКІТЕМІН

Бауқарма Төрағасы-Ректор

Т.Есполов

2020 ж.

ҚазҰАУ  
профессор-оқытушылар құрамының,  
кафедраларының, факультеттерінің қызметін бағалаудың  
рейтингтік жүйесі туралы

## ЕРЕЖЕ

Е ҚазҰАУ БРЖ-323

Жетінші басылым

№\_\_көшірме

Алматы,  
2020-2021

## **Құрастырушылар:**

Тиреуов К.М., Калыкова Б.Б., Курдеко А.П., Дауренбаева Ж.А., Сихимбаев С.Ж., Махашов Е.Ш., Кентбаев Е.Ж., Омиржанов Е.Т., Алтаев А.К., Саудабаева Д.Е., Байболов А.Е., Кусаинова Ж.А., Ералиева А.Ш., Кайпбаев Е.Т., Бактыбаева Г.Е.

Осы Ереже университеттің профессор-оқытушылық құрамының, кафедраларының, факультеттерінің қызметін рейтингтік бағалау рәсімін жүргізуге арналған.

Университеттің профессор-оқытушылық құрамының, кафедраларының, факультеттерінің қызметін рейтингтік бағалаудың негізгі принциптері, түсініктемелері мен көрсеткіштері келтірілген.

## **Бекітілді және қолданысқа енгізілді:**

«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КЕАҚ Ғылыми Кенесінің шешімімен бекітілген және қолданысқа енгізілген (№1 хаттама, 14.08.2020 ж.)

## Мазмұны

	Беті
1. Қолдану саласы .....	5
2. Нормативтік құжаттар .....	5
3. Қысқартулар мен анықтамалар .....	5
4. Глоссарий.....	6
5. Жалпы ережелер.....	7
6. Рейтинг – кәсіби қызметті бағалау құралы.....	8
7. ПОҚ, кафедра, факультет рейтингін ұйымдастыру және жүргізу тәртібі .....	10
8. Бағалаудың рейтингтік жүйесін жүзеге асыру механизмі.....	10
9. Бағалаудың рейтингтік жүйесіне сәйкес ПОҚ жауапкершілігі.....	11
10. Бағалаудың рейтингтік жүйесіне сәйкес ПОҚ ынталандыру.....	13
11. ПОҚ, кафедралардың, факультеттер рейтингінің қорытындылары бойынша шешім қабылдау тәртібі.....	14
12. Қосымша.....	16

## **1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

---

«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚазҰАУ КЕАҚ) профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ), кафедраларының, факультеттерінің қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) рейтингті ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібін, талаптарын белгілейді.

Осы Ереже ішкі пайдалануға арналған.

## **2. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

---

Осы Ереже Қазақстан Республикасының төменде келтірілген заңнамалық актілері және ҚазҰАУ КЕАҚ-ның ішкі нормативтік құжаттары негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
- Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №158 Қазақстан Республикасының Агро-өнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2015-2020 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары. «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің бюросының 11.11.2014 ж., №1 жарғысымен мақұлданды.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі ұйымдары қызметінің типтік ережелері 29.10.2018 №592.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілгендер лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары.
- «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КЕАҚ Жарғысы.
- «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КЕАҚ-ның 2023 жылға дейінгі даму стратегиясы.

## **3. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

---

ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
ҚР АШМ	Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігі
«ҚазҰАУ» КЕАҚ	«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ҚР ҰҒА	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы
БҒСБК	Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті
РОӘК	ҚазҰАУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің Оқу-әдістеме бірлестігі –Жобаларды басқару тобы
ОӘБ	әдістеме бірлестігі –Жобаларды басқару тобы
ӘБҚ	Әкімшілік-басқару қызметкерлері
QSWUR	Quacquarelly Symonds World University Rankings

СДБ	Стратегиялық дамыту басқармасы
АСЖД	Академиялық сұрақтар жөніндегі департамент
ОӘЖБ	Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі басқарма
ҒД	Ғылым департаменті
ХЫД	Халықаралық ынтымақтастық департаменті
ТЖД	Тәрбие жұмыстары департаменті
ҰҚЖБ	Ұйымдастыру-құқықтық жұмыстар басқармасы
ЖООББИ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
БАИ	Біліктілікті арттыру институты
БКҚИ	Білімгерлер контингентін қалыптастыру институты
АМО және	Академиялық мобильділік және Халықаралық білім беру жобалары
ХББЖ	орталығы
ҚОО	Қашықтықтан оқыту орталығы
АРО	Аккредиттеу және рейтинг орталығы
ОӘЖБ	Оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімі
ТО	Тіркеу офисі
ҒЗЖЖ	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және үйлестіру, жобаларды
Ү ЖСБ	сараптау бөлімі
ОБ	Оқу бөлімі
ҒК	Ғылыми кітапхана
ПЖОС	Практика және жұмыспен қамту бөлімі
ФД	Факультет деканы
КМ	Кафедра меңгерушісі
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
К	Куратор
КРСҚ	Көрсеткішті растайтын сканерленген құжат
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш

#### **4. ГЛОССАРИЙ**

---

Сапа	сипаттамалардың талаптарға сәйкестік деңгейі
Құзыреттілік	өз білімдері мен шеберліктерін айқын түрде қолдана білу қабілеті
Рейтингтік бағалау критерийлері	университеттің профессор-оқытушылар құрамының жұмысын рейтингтік бағалаудың негізі болып табылатын белгілердің жиынтығы
Индикативті жоспарлар	күтілетін нәтижелерге әсер ету арқылы экономикалық өсуді ынталандыруға ұмтылу
Өнімділіктің негізгі индикаторлары (KPI) (ағылш. Key Performance Indicators, KPI)	Стратегиялық және тактикалық (жедел) мақсаттарға жетуді анықтауға көмектесетін бағалау жүйесі.

Рейтинг (ағылшын тілінде – <i>rating</i> )	тиісті салалардың сарапшылары құрастыратын классификациялық тізімдегі бірқатар субъектілердің жетістіктерін бағалаудың жеке сандық көрсеткіші. Нақтырақ айтсақ, «рейтинг» дегеніміз – сандық көрсеткіштер немесе рейтингтік бағалау негізінде кез келген объектінің сапасы тізім түріндегі реттеу жүйесі
ПОҚ рейтингі	педагогикалық квалиметрия категориясы ретінде қарастырылатын ұғым. Бұл оқытушының орнын, деңгейін, кәсіби-педагогикалық қауымдастықтың белгілі бір категориясына жататындығын болжауға мүмкіндік беретін, оның оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие беру қызметі сапасының деңгейлік және нәтижелелеуші көрсеткіші
Университеттің жұмыс комиссиясы	профессор-оқытушылар құрамының, кафедра меңгерушілерінің, факультет декандарының жұмыстарының нәтижелерін бағалау және рейтингтің қорытындысын шығару үшін ректордың бұйрығымен құрылған комиссия
Рейтингтік бағалау	университет оқытушылары жұмысының сапасын бақылау, олардың кәсіби және ғылыми құзыреттілік деңгейін объективті бағалау нысандарының бірі
Рейтингтік үстеме ақылар	қызметкердің немесе бөлімшенің алған рейтингтік орнына байланысты және жұмыс сапасы жоғары қызметкерлердің еңбегін ынталандыруға мүмкіндік беретін қосымша төлем болып табылатын үстеме ақылар

## **5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

---

5.1 Осы Ереже ағымдағы оқу жылындағы университеттің ПОҚ/кафедраларының/факультеттерінің қызметіне рейтингтік бағалау жүргізу рәсімін белгілейді.

5.2 ПОҚ, кафедралар, факультеттер жетістіктерінің рейтингін бағалау «Қазақстан-2050» Стратегиялық дамыту бағдарламасына, Қазақстан Республикасының Агро-өнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасының Агро-өнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы іс-шаралар жоспарына, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 2021 жылға дейінгі даму стратегиясынан, QS WUR әлемдік рейтингтен, Жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингінен, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының рейтингінен туындайтын бекітілген көрсеткіштерге негізделеді.

5.3 ПОҚ, кафедралар, факультеттер қызметін рейтингтік бағалау:

- кафедраны, факультетті, университетті дамытуға қосқан жеке үлесін бағалауға;
- қызметтің жекелеген түрлерінде (ғылыми, халықаралық, оқу және оқу-әдістемелік және әлеуметтік-тәрбие беру) көшбасшыларды анықтауға;
- оқытушының кафедрадағы, кафедраның факультеттегі, факультеттің университеттегі жалпы орнын (рейтингін) анықтауға;
- оқытушылардың ғылыми, халықаралық, оқу және оқу-әдістемелік және әлеуметтік-тәрбие беру қызметіндегі белсенділігін арттыруға жағдай жасауға;
- құрылымдық бөлімшелердің басшыларын ПОҚ, кафедралардың, факультеттердің кәсіби дайындық деңгейі және оны жетілдіру бағыттары туралы қосымша ақпаратпен қамтамасыз етуге;
- ғылыми-педагогикалық лауазымдарды ауыстыруға үміткерлер ұсыну рәсімдерін оңайлатуға ПОҚ, басқарушы қызметкерлерінің резервін анықтауға;
- шешілетін міндеттердің басымдықтары өзгерген кезде кафедралардың, факультеттердің, университеттің ғылыми-педагогикалық әлеуетін басқаруға;
- қызметкерлерді моральдік және материалдық жағынан ынталандыруға;
- қызметкерлердің уәжін және біліктілік деңгейін жоғарлатуда дербес ынталылығын, педагогикалық және ғылыми жұмыстың өнімділігін жоғарлатуға;
- жыл сайынғы аттестаттау кезінде ПОҚ қызметін бағалау көрсеткіштерінің бірі ретінде қолдануға мүмкіндік береді;

5.4 Рейтинг нәтижелері құрылымдық бөлімше басшылары үшін ақпараттық база болып табылады, бұл университет қызметін басқарудың және жетілдірудің негізгі құралдарының бірі.

5.5 Қызметтің рейтингтік бағасының артықшылықтары:

- ағымдағы оқу жылы ішінде ПОҚ-тың/кафедраның/ факультеттің кәсіби қызметінің сапасына баға беру мүмкіндігі;
- ПОҚ/кафедра/ факультет қызметіне баға берудегі кең көлемді рәсімнің ашықтығы;
- ПОҚ-тың/кафедраның/факультеттің өз кәсіби қызметіне өзіндік баға беру және өзіндік сараптама жасау дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

5.6 Рейтинг нәтижелері ПОҚ аттестаттау, ПОҚ, кафедра меңгерушілері лауазымдарына орналасу үшін конкурстық іріктеу және жеке еңбек шартын жасасу/ұзарту кезінде ескеріледі.

## **6. РЕЙТИНГ - КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТІ БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТİNДЕ**

6.1 ҚазҰАУ ПОҚ/кафедраларының/факультеттерінің қызметіне рейтингтік бағалаудың негізгі мақсаты – жеке құрылымдар мен қызметкерлердің университетке қосқан үлесін ескере отырып, жұмыс сапасын жақсарту және жетілдіруді арқылы тиімді басқаруды қамтамасыз ету университет ПОҚ, кафедраларының қызметін анықтауға және бағалауға арналған ақпараттық база қалыптастыру.

6.2 ПОҚ қызметін бағалаудың Рейтингтік жүйесінің негізгі міндеттері:

- ұжым еңбегінің нәтижелі көрсеткіштерінің сараптамалық мәліметтері негізінде университет қызметін жетілдіру және дамыту;
- ПОҚ, кафедралар, факультеттердің қызметін бағалау мен олардың тиімділігін бақылау мақсатында бірыңғай кешенді критерилерін топтастыру;
- ПОҚ, кафедралар, факультеттер жетістіктерінің деректер банкіні жасау;



- оқытушылардың өз кәсіби біліктілігін арттыруға, педагогикалық шеберліктің озық үлгісін меңгеруге және дәріс беруге шығармашылық тұрғыдан қарауға деген қызығушылығын күшейту;

- толық әрі анық ақпарат беруді арттыра отырып, ПОҚ/кафедра/ факультет қызметіне берілген бағаның объективтілігін, шынайылығын қамтамасыз ету;

- бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау сапасын арттыру;

- жалпы университеттің, жекелеп алғанда факультет, кафедра және оқытушылардың қызметін жан-жақты көрсететін ақпараттық база құру;

- педагогикалық ұжымның өз еңбектерінің нәтижесіне сыни тұрғыдан сараптама жүргізуі;

- жалпы университеттің рейтингін көтеруге ықпал ететін ПОҚ, кафедра және факультет қызметтерінің түрлерін ынталандыру.

6.3 Университеттегі рейтингтің деңгейлері: ПОҚ/кафедра/факультет.

6.4 ПОҚ/кафедра/факультет рейтингі екі құрамдас бөліктен тұрады: индикативті жоспарды және анкетаны енгізу.

Индикативті жоспар екі бөліктен тұрады: көрсеткіштердің жоспарлы және нақты мәндері.

6.5 Ағымдағы оқу жылындағы ПОҚ/кафедра/ факультет рейтингінің барлық көрсеткіштері төмендегі қызмет бағыттары бойынша біріктірілген:

**I** – оқу және әдістемелік жұмыс, оның меншікті салмағы жалпы ұпай санының 30%-ын құрайды;

**II** – ғылыми-зерттеу және инновациялық халықаралық жұмыс, оның меншікті салмағы жалпы ұпай санының 45%-ын құрайды;

**III** – халықаралық жұмыс, оның меншікті салмағы жалпы ұпай санының 15%-ын құрайды;

**IV** – әлеуметтік-тәрбие жұмысы, оның меншікті салмағы жалпы ұпай санының 10%-ын құрайды.

6.6 ПОҚ/кафедра/ факультет рейтингін есептеу рейтинг сауалнамасының толтырылған электронды формасы негізінде жүзеге асырылады. Әрбір қызмет бағытында көрсеткіштердің белгілі бір саны бар, олардың әрқайсысына ұпай беріледі. Ұпай саны қызмет бағыттары бойынша : 0,30; 0,45; 0,15; 0,10 коэффициентіне көбейтіледі де, қорытынды ұпай саны есептеледі.

6.7 ПОҚ рейтингін есептеу ағымдағы оқу жылындағы әрбір қызмет бағыты бойынша жеке көрсеткіштердің негізінде жүргізіледі.

6.8 Кафедра рейтингін есептеу ағымдағы оқу жылында кафедра оқытушыларының және меңгерушілерінің қол жеткізген жұмыстарының әрбір бағыты бойынша нәтижелерге рейтинг жүргізуге және саралауға негізделген. Балдың қортынды соммасы рейтингке қатысатын кафедрадағы оқытушылардың (штаттық және қосымша жұмыстағылар) санына бөлінеді.

6.9 Факультет рейтингін есептеу ағымдағы оқу жылында факультет кафедраларының қол жеткізген жұмыстарының әрбір бағыты бойынша нәтижелерге рейтинг жүргізуге және саралауға негізделген. Факультет бойынша балдың қортынды соммасы рейтингке қатысатын барлық кафедрадағы оқытушылардың жалпы санына бөлінеді.

## **7. ПОҚ, КАФЕДРА, ФАКУЛЬТЕТ РЕЙТИНГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ**

---

7.1 Рейтингі ұйымдастыру төмендегі қағидаларға негізделген:

- алынған ақпараттың объективтілігі, шынайылығы және нақтылығы;
- ашықтық, жариялылық, жедел және жүйелілік;
- құзыреттілік және алқалылық шешім қабылдау;

7.2 ПОҚ, кафедра, факультет қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесіне мына кезеңдер енеді:

7.2.1 Университеттің әрбір оқытушысы мен құрылымдық бөлімшесінің басшысына рейтинг жүйесінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жеке логин мен құпия сөз беріледі, оны аккредитация және рейтинг Орталығынан немесе университеттің веб-сайтында ([www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)) «Стратегия» → «Рейтинг» → батырмасындағы ПОҚ рейтингінің логині мен құпия сөзін қайта беруге өтініш сілтемесін басу арқылы онлайн режимінде алуға болады.

7.2.2 «ПОҚ рейтингі» жүйесіне жыл бойына іске қосылып тұрған [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) сайтынан, Индикативті жоспарына нақты мәліметтерін енгізу арқылы кіре алады.

7.2.3 ПОҚ-тың, кафедраның, факультеттің Индикативті жоспарын қалыптастыру әр оқу жылының басында жүзеге асырылады.

7.2.4 «ҚазҰАУ рейтингі» электрондық базасын ашу және жабу мерзімі университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

7.2.5 ПОҚ, кафедра, факультет рейтинг нәтижесін жүргізу жылына екі рет жүргізіледі: аралық - I жарты жылдық (қаңтар) және жылдық - (маусым).

7.3 ПОҚ, кафедра, факультет рейтингіне техникалық қолдау көрсетуге мыналар кіреді:

- белгіленген мерзімде жұмыс істеу үшін рейтинг контентін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- рейтинг жүйесінің жұмысы бойынша кеңес беру;
- тәуекелді жағдайларға қашықтан диагностика жасау;
- қателіктерді шұғыл түзету;
- ақпаратты қосу және өзгерту;
- бағдарламалық қамтамасыз етілімді құру және толықтыру.

## **8. БАҒА БЕРУДІҢ РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ**

---

8.1 Әрбір оқытушы ПОҚ рейтингінің деректер базасына мәліметтерді дербес енгізеді және де ұсынылған ақпарат үшін жеке жауапкершілікте болады.

8.2 Кафедра меңгерушісі «Кафедра рейтингін» толтырады және де ұсынылған ақпарат үшін жеке жауапкершілікте болады.

8.3 Факультет деканы «Факультет рейтингін» толтырады және де ұсынылған ақпарат үшін жеке жауапкершілікте болады.

8.4 Кафедра меңгерушілері және факультет деканы белгіленген мерзімде ПОҚ, кафедра, факультет рейтингі мәліметтерін үйлестіріп, топтайды.

8.5 Рейтингтік баға көрсеткіштері бекітілген үлгілерде ПОҚ, кафедра, факультет жұмыстарының төрт бағыты бойынша 1-3 қосымшаларда көрсетілген.

Е ҚазҰАУ БРЖ-323. ҚазҰАУ профессор-оқытушылар құрамының, кафедраларының, факультеттерінің қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы Ереже. Жетінші басылым.

8.6 ПОҚ, кафедра, факультеттің рейтингі көрсеткіштеріне мониторинг жасау жылына екі рет: қаңтар мен маусым айларында жүргізіледі.

8.7 ПОҚ, кафедра, факультет рейтингінің қорытындысы жұмыстың төрт бағыты бойынша көрсеткіштердің ұпайларын қосу арқылы есептеледі. Әрі қарай алынған ұпайлардың жалпы қосындысы бойынша ПОҚ-ты, кафедраны, факультетті кему тәртібімен саралау жүргізіледі және әрбір оқытушының, кафедраның және факультеттің орны анықталады.

8.8 «ПОҚ рейтингі» бағдарламасында ПОҚ, кафедра, факультет көрсеткіштерін растау үшін «көрсеткішті растайтын сканерленген құжат» (әрі қарай КРСҚ) опциясы бар. Бұл опцияны іске қосу үшін, ПОҚ/кафедра меңгерушісі/факультет деканы ағымдағы оқу жылында барлық көрсеткіштер бойынша растайтын құжаттарды сканерлейді және тиісінше ПОҚ рейтингінің деректер базасына мәліметтерді енгізеді.

8.9 Кафедра және факультет рейтингтерінде «КРСҚ» опциясы ПОҚ-ның рейтингісіне сәйкес жасалады.

8.10 Берілген КРСҚ дәйектілігіне оқытушылар, кафедра меңгерушілері мен факультет декандары жауапты болады.

8.11 ПОҚ рейтингінің нәтижелері кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітіледі. Кафедра меңгерушісі ағымдағы оқу жылындағы әрбір оқытушының нақты орындаған Индикативті жоспарына қол қояды. Оқытушы қызметтің төрт бағыттары бойынша растаушы құжаттары бар жеке папкасын құрастырады, ол кафедрада сақталады.

8.12 ПОҚ-тың, кафедра мен факультеттердің рейтинг анкеталарын кафедра меңгерушілері, факультет декандары және құрылымдық бөлімше басшылары тексеріп, растайды.

8.13 ПОҚ/кафедраның/факультеттің кәсіби қызметі деңгейін рейтингтік бағалау нәтижелерін талдау келесі түрде жүргізіледі:

- ПОҚ / кафедра / факультеттің тізімін саралау;
- қызмет түрі бойынша ПОҚ / кафедраны / факультетті саралау;
- ПОҚ / кафедраның / факультеттердің, сондай-ақ тұтас университеттің кәсіби қызметінің деңгейі туралы қорытындылар;
- оқытушылардың / кафедралардың / факультеттердің және жалпы университеттің сапа көрсеткіштері туралы кеңейтілген мәліметтер алу.

8.14 Кафедра меңгерушілері мен факультет декандары жеке көрсеткіштерін «ПОҚ рейтингі» базасына енгізеді. Кафедра меңгерушілері рейтингісінің жеке нәтижелері КРІ қызметін бағалау үшін адам ресурстарын дамыту басқармасына беріледі.

8.15 Бағдарлама ПОҚ, кафедралар мен факультеттердің көрсеткіштерін автоматты түрде қорытынды баллға сәйкес рейтингке бөледі.

## **9. БАҒАЛАУДЫҢ РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕСІНЕ СӘЙКЕС ПОҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

---

9.1 Педагогикалық құрамның әр санаты үшін рейтингтік ұпай санының төмен шектері бар:

**150 балл** (профессор, 0,75-1 және одан жоғары бірлікте педагогикалық жүктемені орындаған);

Е ҚазҰАУ БРЖ-323. ҚазҰАУ профессор-оқытушылар құрамының, кафедраларының, факультеттерінің қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы Ереже. Жетінші басылым.

**120 балл** (профессор, 0,25-0,5 бірлікте педагогикалық жүктемені орындаған);

**100 балл** (қауымдастырылған профессор, 0,75-1 және одан жоғары бірлікте педагогикалық жүктемені орындаған);

**80 балл** (қауымдастырылған профессор, 0,25-0,5 бірлікте педагогикалық жүктемені орындаған );

**50 балл** (аға оқытушы, оқытушы, ассистент). Осы төменгі шектен аз балл жинаған ПОҚ сөгіс түріндегі тәртіптік шара қолданылады және еңбек кітапшасына жазба енгізілуі мүмкін.

9.2 9.1 тармағына сәйкес шекті деңгейге жетпеген оқытушылар аттестаттауға жіберіледі.

#### **Ерекшелік:**

- сыртқы қоса атқару ретінде педагогикалық жүктемені орындаған оқытушылар;

- есепті ағымдағы оқу жылының екінші семестрінен бастап еңбек шарты жасалған оқытушылар.

9.3 Кафедра меңгерушілері оқу процесіне шақырылған және рейтингтің индикаторларының кешіктіріліп енгізілуі мен толтырылуына байланысты төменгі шекті деңгейдегі оқытушыларға жеке жауап береді.

9.4 Аттестаттау процедурасын өткізу үшін оқытушылардың рейтингтік баллдары кредиттік оқыту технологиясының бағалау шкаласы бойынша 100 балдық шкаламен қайта есептеледі.

9.5 Әрбір ПОҚ санаты үшін есепті ағымдағы жылдағы ең жоғары балл анықталады және баллдардың сандық эквивалентінің конверсиясы есептеледі. Кестеде (1,2,3) оқытушыларды аттестаттау бойынша ағымдағы жылғы рейтингтік ұпайлардың есебі көрсетілген.

Кесте 1.

№	%-қ мөлшері (100 баллдық шкала бойынша баллдар)	Әріптік бағалау	«Профессор» санаты үшін	Сандық баламасы
1	95-100	5	<b>1300</b> ≥	4,0
2	90-94		1150 - 1299	3,67
3	85-89		1025-1149	3,33
4	80-84	4	900-1024	3,0
5	75-79		775-899	2,67
6	70-74		650-774	2,33
7	65-69		525-649	2,0
8	60-64	3	400-524	1,67
9	55-59		275-399	1,33
10	50-54		150 -274	1,0
11	0-49	0	<b>149</b> және төмен	<b>аттестаттаудан өтпеген</b>

Кесте 2.

№	%-қ мөлшері (100 баллдық шкала бойынша баллдар)	Әріптік бағалау	«Қауымдастырылған профессор» санаты үшін	Сандық баламасы
1	95-100	5	<b>600</b> ≥	4,0
2	90-94		500 - 599	3,67

3	85-89		450-499	3,33
4	80-84	4	400-449	3,0
5	75-79		350-399	2,67
6	70-74		300-349	2,33
7	65-69		250-299	2,0
8	60-64		3	200-249
9	55-59	150-199		1,33
10	50-54	100 -149		1,0
11	0-49	0	<b>99</b> және төмен	<b>аттестаттаудан өтпеген</b>

Кесте 3.

№	%-қ мөлшері (100 баллдық шкала бойынша баллдар)	Әріптік бағалау	«Аға оқытушы, оқытушы, ассистент» санаты үшін	Сандық баламасы
1	95-100	5	<b>300</b> ≥	4,0
2	90-94		250 - 299	3,67
3	85-89		225-249	3,33
4	80-84	4	200-224	3,0
5	75-79		175-199	2,67
6	70-74		150-174	2,33
7	65-69		125-149	2,0
8	60-64	3	100-124	1,67
9	55-59		75-99	1,33
10	50-54		50 -74	1,0
11	0-49	0	<b>49</b> және төмен	<b>аттестаттаудан өтпеген</b>

## **10. БАҒАЛАУДЫҢ РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕСІНЕ СӘЙКЕС ПОҚ ҢНТАЛАНДЫРУ**

10.1 Ереже оқытушыларға жалақы бойынша сараланған төлемақылар жүйесін реттейді.

10.2 ПОҚ ай сайынғы сараланған үстемеақы ғылыми-инновациялық, оқу және оқу-әдістемелік, халықаралық және әлеуметтік-тәрбие жұмыстарында нәтижелі қызметі үшін белгіленеді.

10.3 Үздік-50 ішінде ПОҚ жұмыс санаты бойынша арақатынасы:

- профессор - 20%;
- қауымдастырылған профессор - 30%;
- аға оқытушы, оқытушы, ассистент - 50 %.

Үздік-50 оқытушылардың арақатынасы бұзылған жағдайда, реттеу құқығы университеттің рейтингтік комиссиясында қалады.

Үздік-50 кіретін ПОҚ жалақысының ай сайынғы үстемеақы оқытушының жұмыс санатына және ағымдағы жылға арналған АЕК-ке байланысты белгіленген шекті деңгей негізінде есептеледі (кесте 4).

Кесте 4.

ПОҚ санаты	Межелік деңгей	Сараланған ай сайынғы үстемеақы
Профессор	<b>850</b> ≤ және жоғары	15 АЕК
	650 ≤ 849	10 АЕК
	450 ≤ 649	8 АЕК
	<b>350</b> ≤ 449	5 АЕК
Қауымдастырылған профессор	<b>550</b> ≤ және жоғары	15 АЕК
	450 ≤ 549	10 АЕК
	350 ≤ 449	8 АЕК
	<b>250</b> ≤ 349	5 АЕК
Аға оқытушы, оқытушы, ассистент	<b>450</b> ≤ және жоғары	15 АЕК
	350 ≤ 449	10 АЕК
	250 ≤ 349	8 АЕК
	<b>200</b> ≤ 249	5 АЕК

10.4 Ынталандыру үшін ПОҚ әр санаты үшін рейтингтік ұпай санына төменгі шектер белгіленеді. Профессор - кемінде **350 балл**. Қауымдастырылған профессор - кемінде **250 балл**. Аға оқытушы, оқытушы, ассистент - кемінде **200 балл**.

10.5 Ай сайынғы сараланған үстемеақы рейтингтегі ең көп ұпай жинаған 50 үздікке кірген ПОҚ тағайындалады.

10.6 Ай сайынғы сараланған үстемеақы кем дегенде бір жыл және профессор, қауымдастырылған профессор, аға оқытушы, оқытушы және ассистент лауазымында жұмыс істеген штаттық оқытушыларға қолданылады.

10.7 Ішкі/сырттай педагогикалық жүктеме орындаған оқытушылар құрамы, зейнеткерлік жастағы оқытушылар, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, шетелдік оқытушылар рейтингтік жүйеге өздерінің көрсеткіштерін кафедраның, факультеттің, университеттің рейтингінде ескеру үшін енгізеді және оларға ай сайынғы сараланған үстемеақы қолданылмайды.

10.8 Үздік-50 оқытушыға тек барлық 4 жұмыс бағыттары бойынша жетістікке жеткен, штаттағы оқытушылар ғана кіреді.

10.9 ПОҚ лауазымдық жалақысына сараланған ай сайынғы үстемеақы университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

10.10 Сараланған ай сайынғы үстемеақы ағымдағы оқу жылына белгіленеді және келесі оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап 10 айға төленеді. Оқытушы жұмыстан босатылған жағдайда, жәрдемақы төлеу бұйрық шыққан күннен бастап тоқтатылады.

## **11. ПОҚ, КАФЕДРА ЖӘНЕ ФАКУЛЬТЕТ РЕЙТИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

11.1 Рейтингтің есептік кезеңі - ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап келесі жылдың 30 маусымына дейінгі оқу жылы болып саналады. Сонымен қатар, университет, факультет, кафедра үшін ең маңызды (жоғары, төмен) болып шыққан көрсеткіштер анықталады. ПОҚ құрамының, кафедралардың, факультеттердің қорытынды рейтингінің нәтижелері әр санаттағы оқытушылар үшін университет

ректорына ұсынылады. Толық мәліметтер оқытушыға өзін-өзі тексеру үшін ғана беріледі. Бөлім басшылары жалпыланған нәтиже алады.

11.2 Ағымдағы оқу жылына арналған ПОК, кафедралар мен факультеттер рейтингін қорытындылау үшін ректордың бұйрығымен университеттің рейтингтік комиссиясы жұмыс тобы құрылады.

11.3 Университеттің жұмыс комиссиясын бірінші проректор басқарады. Комиссия құрамына қызмет бағыттары бойынша проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және профессор-оқытушылық құрам кіреді.

11.4 Ағымдағы оқу жылындағы рейтинг нәтижелері мен университеттің рейтингтік жұмыс тобы комиссиясы отырысының хаттамасы университеттің аттестаттау комиссиясына беріледі.

**Келісілді:**

Бірінші проректор

  
(қолы)

К.Тиреуов

« 20 » 08

2020 ж.

Аппарат жетекшісі

  
(қолы)

С.Сихимбаев

« 19 » 08

2020 ж.

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор

  
(қолы)

Б.Калыкова

« 18 » 08

2020 ж.

Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыс жөніндегі проректор

  
(қолы)

А.Курдеко

« 18 » 08

2020 ж.

Қаржы-экономикалық және құқықтық жұмыстар жөніндегі проректор


  
(қолы)

Г.Калдыбалина

« 18 » 08

2020 ж.

Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор

  
(қолы)

Ж.Дауренбаева

« 18 » 08

2020 ж.

Халықаралық ынтымақтастық Департаментінің директоры

  
(қолы)

Е.Омиржанов

« 17 » 08

2020 ж.

Ұйымдастыру-құқықтық жұмыстар Басқармасының бастығы


  
(қолы)

А.Алтаев

« 17 » 08

2020 ж.

Адам ресурстарын дамыту Басқармасының бастығы

  
(қолы)

Д.Саудабаева

« 17 » 08

2020 ж.

Сапа менеджменті жүйесі секторының жетекші маманы

  
(қолы)

Ж.Кежембаева

« 17 » 08

2020 ж.

## 2020-2021 оқу жылына арналған Оқытушының индикативті жоспары

## 1. Оқу - әдістемелік жұмыстар

Код	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Енгізеді	Растайтын	Растайтын құжат	Балл
1.1	ҚР БжҒМ-нің грифімен шығарылған оқулықтар мен оқу құралдары (соңғы 3 жыл)	Саны	ПОҚ	РОӘК ОӘБ /Каф.мең.	ҚР БжҒМ-нің грифімен шығарылған оқулықтардың сканерленген нұсқасы, мұқабалық беті, мазмұны және соңғы мәліметі	40
1.2	ҚазҰАУ жанындағы РОӘК ОӘБ-гі арқылы ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдары (соңғы 3 жыл)	Саны	ПОҚ	РОӘК ОӘБ-ЖБТ /Каф.мең.	РОӘК ОӘБ-гі арқылы ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдарының сканерленген нұсқасы, мұқабалық беті, мазмұны және соңғы мәліметі	35
1.3	ҚазҰАУ Ғылыми Кеңесі арқылы ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдары (соңғы 3 жылда)	Саны	ПОҚ	ОӘЖД/Каф.мең.	ҚазҰАУ ОӘК арқылы ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдарының сканерленген нұсқасы, атап айтқанда, хаттама № , күні, мұқабалық беті, мазмұны және соңғы мәліметі	35
1.4	Бейне-дәрістер, университеттің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімінде тіркеліп, сайтта орналасқан <a href="http://www.kaznau.kz">www.kaznau.kz</a>	Саны	ПОҚ	ОӘЖД/Каф.мең.	Бейне-дәрістің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімінде тіркелген №, сайтқа сілтеме	15
1.5	Университеттің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімінде тіркелген, баспадан шығарылған оқу-әдістемелік нұсқаулар және электронды оқулықтар (осы оқу жылында)	Саны	ПОҚ	ОӘЖД /Каф.мең.	Оқу-әдістемелік нұсқаулардың оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімінде тіркелген №, сканерленген нұсқасы, мұқабалық беті, мазмұны және авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	15



1.6	Біліктілікті арттыру институтында тіркелген ішкі / сыртқы тыңдаушыларға оқылатын сертификатталған курстар	Саны	ПОҚ	ОӘЖД /Каф.мең.	Сертификаттың сканерленген нұсқасы, бекітілген білім беру бағдарламасы, бұйрық	10
1.7	Шақыру бойынша дәріс оқу: серіктес – шетелдік ЖОО	Саны	ПОҚ	АҰЖХББО/ Каф.мең.	Бұйрықтың сканерленген көшірмелері, шақыру қағазы, силлабустың сканерленген нұсқасы	10
1.8	Шақыру бойынша дәріс оқу: отандық ЖОО	Саны	ПОҚ	АҰЖХББО/ Каф.мең.	Бұйрықтың сканерленген көшірмелері, шақыру қағазы, силлабустың сканерленген нұсқасы	10
1.9	Ағылшын тілінде оқытылатын пәндер	Саны	ПОҚ	ОӘЖД/Каф.мең.	Бұйрықтың сканерленген көшірмесі, пәннің силлабусы	20
1.10	<b>Біліктілікті арттыру</b>					
1.10.1	Шетелдік ЖОО және ғылыми орталықтарда және т.б.	Саны	ПОҚ	БАИ/Каф.мең.	Сертификаттың сканерленген көшірмелері, ЖОО шақыру қағазы және бағдарламасы	20
1.10.2	Отандық ЖОО және ғылыми орталықтарда	Саны	ПОҚ	БАИ/Каф.мең.		15
1.11	Сабақ өткізу сапасын сырттай бақылау (ҚазҰАУ тәуелсіз сарапшылары)	Саны	ПОҚ	АСД/Каф.мең.	Сертификат, сабаққа қатынасу хаттамасының сканерленген көшірмелері	10
1.12	Республикалық онлайн пәндік олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізуге қатысу	Саны	ПОҚ	ОӘЖД /Каф.мең.	Бұйрықтың сканерленген көшірмелері, сертификат, анықтама	8
1.13	<b>Жұмыстарға қатысу (комиссияға мүшелік, ІНҚ дайындауға қатысу, әдістемелік семинарлар өткізу, оқу-әдістемелік жұмыстарға сараптама жүргізу)</b>					
1.13.1	ҚазҰАУ жанындағы РОӘК ОӘБ-тің жұмыстары	Саны	ПОҚ	РОӘК ОӘБ-ЖБТ /Каф.мең.	Бұйрықтың сканерленген көшірмелері, ОӘЖ пікірлері	15
1.13.2	ҚазҰАУ оқу-әдістемелік Кеңес жұмыстары	Саны	ПОҚ	ОӘЖД/Каф.мең.		10
1.13.3	Факультеттің академиялық комитеті	Саны	ПОҚ	ОӘЖД/Каф.мең.		8
1.14	<b>Тапсырмаларды орындау:</b>					
1.14.1	оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша (жаңа	Саны	ПОҚ	ОӘЖД/Каф.мең.	Сканерленген бұйрықтар,	8

	оқу жылы бойынша ЖОЖоспары, ЭПК, БББ үшін)				мұқабалық беттер, басқада растайтын құжаттар	
1.14.2	кәсіби бағдар жұмыстары бойынша (1 талапкер үшін)	Саны	ПОҚ	БАКҚИ/Каф.мең.		8
1.14.3	аккредиттеу және рейтинг бойынша (МА, АКБ бойынша өзіндік есептер), ұлттық рейтингтер, БСҚА, АРТА, РРА семинарларына қатысу	Саны	ПОҚ	АРО/Каф.мең.		8
1.14.4	жұмысқа орналастыру және практика бойынша	Саны	ПОҚ	ОӘЖД/Каф.мең.		8
<b>Бағыт бойынша көрсеткіштер саны: 14</b>						<b>300</b>

## 2. Ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыс

Код	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Енгізеді	Растайтын	Растайтын құжат	Балл
2.1	<b>ҚазҰАУ есеп-шоты арқылы өтетін ғылыми зерттеулер бойынша ҒЗЖ жүргізу (МБҚ, гранттық қаржыландыру):</b>					
2.1.1	Жоба жетекшісі	млн.тг.	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Оқу жылына сәйкес ғылыми жоба жұмыстарының бекітілген күнтізбелік жоспары немесе бұйрық	Әрбір млн.тг. 20 балл
2.1.2	Жобаның орындаушысы	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Оқу жылына сәйкес қызмет көрсету туралы келісім-шарт немесе орындаушының төлем ақысы көрсетілген бұйрық	Әрбір жобаға 40 балл
2.2	<b>ҚазҰАУ есеп-шоты арқылы өтетін Индустрия, бизнес және басқа даму институттарымен жасалған ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың көлемі (шаруашылық келісім-шарттар, 019 ББ, бір реттік қызмет көрсетулер)</b>					
2.2.1	Жоба жетекшісі	млн.тг.	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Оқу жылына сәйкес жоба жұмыстарының бекітілген күнтізбелік жоспары немесе бұйрық	Әрбір млн.тг. 10 балл
2.2.2	Жобаның орындаушысы	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Оқу жылына сәйкес қызмет көрсету туралы келісім-шарт немесе орындаушының төлем ақысы көрсетілген бұйрық	Әрбір жобаға 25 балл
2.3.	Басқа мекеме жобаларының орындаушысы	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Оқу жылына сәйкес қызмет көрсету туралы келісім-шарт немесе орындаушының төлем ақысы көрсетілген бұйрық	10
2.8	ҚазҰАУ атынан Бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру және гранттық қаржыландыру байқауларына қатысу үшін жоба жетекшісі ретінде өтінім дайындау	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген ілеспе хат немесе МҰҒТСО сайты бетінің скриншоты	10
2.9	ҚР ҰМҒТСО-да тіркелген бастамашыл тақырыпқа жетекшілік ету	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	ҚР ҰМҒТСО-да расталған сканерленген тіркеу картасы	10
2.10	Соңғы 5 жылда шетел баспасында жарияланған ғылыми монографиялар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Монографияның сканерленген мұқабалық беті, мазмұны және шетелдік баспа туралы мәліметтер	25

2.11	Соңғы 3 жылда қазақстандық баспада жарияланған ISBN-ы бар ғылыми монографиялар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Монографияның сканерленген мұқабалық беті, мазмұны және баспа туралы мәліметтер	20
2.12	Ғылыми зерттеу нәтижесі бойынша әдістемелік ұсынымдар мен өндіріске енгізу актісі	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген мұқабалық бет, мұқабалық беттің арты және соңғы мәліметтер	10
2.13	Scopus немесе Web of Science базасының нөлдік емес импакт-факторлы журналдарында және осы базаға кіретін ғылыми конференциялардың материалдар жинағында жарияланған ғылыми мақалалар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Мақаланың сканерленген көшірмесінде мақаланың тақырыбы, авторы, жарияланған күні, журналдың аты және журналдың ISSN көрсетілуі тиіс	50
2.14	ҚР БҒМ БҒСҚК ұсынған мерзімді баспаларда және ҒСРИ базасында жарияланған тек ғылыми мақалалар (патенттер мен мен куәліктер есепке алынбайды)	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Мақаланың сканерленген көшірмесінде мақаланың тақырыбы, авторы, жарияланған күні және журналдың аты көрсетілуі тиіс	15
2.15	ҚР мерзімді баспаларында немесе ҚР-да өткен халықаралық және республикалық конференциялардың еңбек жинағында жарияланған мақалалар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Мақаланың сканерленген көшірмесінде мақаланың тақырыбы, авторы, жарияланған күні және журналдың аты көрсетілуі тиіс	7
2.16	Ғылыми семинар, форум, дөңгелек үстел, симпозиум және т.б. ғылыми жиындарға қатысқаны үшін алынған сертификаттар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген сертификаттың көшірмесі	5
2.17	Шетелде ұйымдастырылған халықаралық конференцияларда жарияланған мақалалар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Мақаланың сканерленген көшірмесінде мақаланың тақырыбы, авторы, жарияланған күні және журналдың аты көрсетілуі тиіс	10
2.18	ҚазҰАУ-ң «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты» мерзімдік ғылыми журналында ағылшын тілінде жарық көрген мақалалар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Мақаланың сканерленген көшірмесінде мақаланың тақырыбы, авторы, жарияланған күні және журналдың аты көрсетілуі тиіс	18
2.19	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын халықаралық және	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Байқау Комиссиясының хаттамасы немесе жүлделі орын алғаны туралы	15

	республикалық байқауларға дайындау				диплом	
2.20	Студенттерді конференцияға қатысу үшін дайындау	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген бағдарлама немесе жүлделі орын алғаны туралы диплом немесе қатысқаны туралы сертификат	10
2.21	Стартап жобаларға жетекшілік ету (студенттік, жас ғалымдардың және т.б.)	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Факультет Кеңесінің хаттамасы немесе Байқауға қатысқаны туралы сертификат	10
2.22	Web of Science немесе Scopus базалары бойынша Хирша индексі	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Ұлттық ғылыми-техникалық ақпараттар орталығынан анықтама немесе мәліметтер базасынан скриншот	10 балл әрбір индекске
2.23.	<b>Өтінім беруші ҚазҰАУ болып табылатын алынған қорғау құжаты</b>					
2.23.1	Соңғы 3 жылдағы шетелдік патент	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген патент	30
2.23.2	ҚР патенттері	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген патент	25
2.23.3	Авторлық құқықтың куәлігі	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген куәлік	5
2.24	Соңғы 3 жылдағы жеке тұлғалар атындағы мемлекеттік ғылыми сыйлықтар мен стипендиялар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген куәлік	20
2.25	<b>Ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, оның ішінде онлайн режимінде:</b>					
2.25.1	- конференциялар, симпозиумдар, Егістік күні	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген бағдарлама немесе сілтеме	7
2.25.2	- вебинарлар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген бағдарлама немесе сілтеме	5
2.26.	<b>Сараптамалық қызметтер</b>					
2.26.1	- ҰҒК (ННС) мүшесі; - шетелдік ғылыми журналдың редакциялық алқа мүшесі; - ғылыми жобаларды сараптау жөніндегі комиссияның мүшесі; - ҚР БҒМ ҒБССҚК сараптамалық кеңесінің мүшесі	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген бұйрық, журналдың титулдық беінің көшірмесі	15
2.26.2	Ғылыми және диссертациялық жұмыстарға рецензиялар	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Қолтаңба мен мөрі бар рецензияның сканерленген нұсқасы	8

2.26.3	- ғылыми-әдістемелік кеңес мүшесі, - диссертациялық кеңес мүшесі, - ҚР ғылыми журналының редакциялық алқа мүшесі - жас ғалымдар кеңесінің мүшесі - ҒТК мүшесі	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген бұйрық немесе журналдың титулдық беті	5
2.26.4	Жұмыс тобының мүшесі	Саны	ПОҚ	ҒД/Каф. мең.	Сканерленген бұйрық	5
<b>Бағыт бойынша барлық көрсеткіштер: 22</b>						<b>450</b>

### 3. Халықаралық ғылым және білім беру қызметі

Код	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Енгізеді	Растайтын	Растайтын құжаттар	Балл
3.1	Біліктілікті арттыру мақсатында ПОҚ-ның академиялық ұтқырлық бойынша халықаралық бағдарламаларға (гранттар, стипендиялар) қатысу және серитификатпен растау, үкіметтік стипендияларға қатысу.	Саны	ПОҚ	ХЫД/Каф. мең.	Сертификаттардың көшірмесі	25
